

# KASE АПТАЛЫҒЫ

30 қазан – 03 қараша  
2023

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- Мүшелік туралы [қағидаға](#) және Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру [ережелеріне](#) енгізілген түзетулер қолданысқа енгізілді.
- "ЕуроОрталық Астана" АҚ "валюталық" санаты бойынша KASE мүшелігіне [қабылданды](#).
- KASE KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін акциялардың параметрлерін [өзгертті](#).
- KASE өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластары бағалы қағаздарының 2023 жылдың қарашасына арналған тізімдерін [қалыптастырды](#).
- KASE ресми тізіміне "CAPITAL Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС [KZ2P00010192](#) (CLSGb3), "Start Industries" ЖШС [KZ2P00010143](#) (STARpp1), "Эмир Құрылыс Астана" ЖШС [KZ2P00010267](#) (EMQApp1), "Saulat Construction Astana" ЖШС [KZ2P00010275](#) (SCASpp1) [KZ2P00010200](#) (MFMOB3) және [KZ2P00010218](#) (MFMOB4) "Mogo Kazakhstan" Микроқаржы ұйымы" ЖШС (Mogo Казахстан) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CDD02](#) (US\_21\_2310) және [US912796YT03](#) (US\_12\_2311) халықаралық облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS2708176610](#) (EBRDe20) халықаралық облигацияларымен және "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС [KZ2P00010192](#) (CLSGb3) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "BCC Invest" АҚ "BCC Elite" ИИПҚ [KZPF00000553](#) (BCCIbe) пайлары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін берді
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00010036](#) (MFRFB8) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 10,9 млн МЕУКАМ-96 14-ші шығарылымын орналастырды ([KZKD00001228](#), MUM096\_0014)
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС KASE-де өзінің [KZ2P00010192](#) (CLSGb3) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 3,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де өзінің [KZ2C00009389](#) (KFUSb51) облигацияларын орналастыру арқылы 15,1 млрд теңге [тартты](#).
- Moody's Investors Service Қазақстан Республикасының рейтингтерін "Баа2" деңгейінде [расталды](#), болжам "Позитивті"
- "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Moody's агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ Moody's агенттігі қоғамның рейтингін "Ba1" деңгейіне көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Moody's агенттігі холдингінің рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Moody's агенттігі банктің рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "ForteBank" АҚ Moody's агенттігі банктің рейтингін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Bank RBK "Банкі" АҚ Moody's агенттігі банктің рейтингін көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Аграрлық несиелік компаниясы" АҚ Moody's агенттігі компанияның ұзақ мерзімді рейтингін көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Kaspi Bank" АҚ Moody's агенттігінің Банктің рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Moody's агенттігі банктің рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- "Транстелеком" АҚ S&P Global Ratings агенттігі қоғамның рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- Freedom Holding Corp. S&P Global Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін "B-" деңгейінде растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Негативті".
- "Фридом Финанс" S&P Global Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Негативті".
- "Standard Life" Өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Қазақтелеком" АҚ дивидендтер төленетіні туралы [хабарлайды](#).
- "Жайықмұнай" ЖШС 2023 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы Nostrum OIL&Gas PLC қызметінің операциялық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ 2023 жылдың үшінші тоқсанындағы қызметтің операциялық нәтижелерін [хабарлады](#).




03.11.2023

<b>KASE Индексі</b>	4 055,17	<b>Трендтер (%)</b>	
		0,5	-0,1
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Бағасы</b>	<b>Δ 7к</b>	<b>Δ 1а</b>


Advanced Micro Devices, Inc.	109,45	13,7	6,6
Intel Corporation	37,55	6,7	5,8
Bank of America Corporation	27,69	5,9	3,6
Tesla, Inc.	228,99	4,1	- 8,8
Freedom Holding Corp.	82,03	3,9	- 3,5
AT&T Inc.	15,69	3,3	4,9
Apple Inc.	172,69	2,9	- 0,3
PayPal Holdings Inc.	55,00	2,8	- 12,9
АО "KEGOC"	1 565,58	2,8	6,9
АО "KM GOLD"	120,00	2,6	0,4
АО "Банк ЦентрКредит"	865,20	2,2	19,3
АО "ForteBank"	3,76	2,2	3,6
АО "НАК "Казатомпром"	18 575,00	2,1	- 1,7
АО Kaspikz	45 501,00	1,8	- 2,9
АО "Банк ЦентрКредит"	789,98	1,3	1,0
Ford Motor Company	12,65	0,8	- 9,3
АО "БАСТ"	6 399,99	0,8	- 0,0
АО "Кселл"	1 952,00	0,1	- 2,4
АО "КазТрансОйл"	865,50	- 0,1	4,3
АО "Народный банк Казахстана"	149,64	- 0,3	- 2,7
АО "НК "КазМунайГаз"	11 270,01	- 1,1	- 4,1
АО "Казактелеком"	31 190,01	- 2,2	- 8,0
Pfizer Inc.	31,00	- 10,4	- 8,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

**KASE Индексінің акциялары**



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



KASE индексі әлі де бүйірлік трендте 4 015 – 4 072 тармақ аралығында болды. Жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында нарық 4 055 тармақ деңгейінде жабылды. Бір апта ішінде индекс 0,5 %-ға ғана өсті.

Өткен аптада KASE Индексінің динамикасын энергетика және қаржы секторлары акцияларының өсуі қолдады. Қазатомөнеркәсіптің жай акциялары айтарлықтай өсім көрсетті, олар бір апта ішінде бір акция үшін 2,1 %-ға 18 575 теңгеге дейін өсті. Бұл Нигердегі жағдайға байланысты уран бағасының өсуіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, өткен аптада Moody's халықаралық рейтинг агенттігі компанияның рейтингтік бағалауын Baa2 деңгейінде позитивті болжаммен растады.

ЦентрКредит Банкінің жай акциялары бір апта ішінде 2,2 %-ға, Kaspikz акциялары – 1,8 %-ға өсті. Moody's агенттігі Kaspikz Bank-тің Ba1 деңгейіндегі ұзақ мерзімді рейтингтерін растады және банктің болжамын "Тұрақтыдан" "Позитивті"-ге өзгертті.

Қайталама нарықта KEGOC акцияларының өсуі байқалады, бұл SPO шеңберінде өтімдерді қабылдау арқылы қыза түсті. Орналастырылатын акцияларға жазылу бағасы 1 482 теңге аясында, компанияның акциялары өткен аптаның қорытындысы бойынша 2,8 %-ға, бір акция үшін 1 565,58 теңгеге дейін өсті.

Аптаның аутсайдерлері Қазақтелеком акциялары болды, олар апта ішінде 2,2 %-ға және ҚазМунайГаз – 1,1%-ға төмендеді.

ҚазМунайГаз акцияларының төмендеуі Brent маркалы мұнай бағасын түзету аясында соңғы бірнеше ай ішінде ұзақ өскеннен кейін орын алуда. Дегенмен, Таяу Шығыстағы геосаяси жағдай мұнай фьючерстерінің ағымдағы бағаларын қолдауды жалғастыруда. 2023 жылдың 9 айында ҚазМунайГаз мұнай және газ конденсатын өндіру көлемін 9 %-ға, тасымалдау көлемін 7,8 %-ға, қазақстандық және румындық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемін 14 896 мың тоннадан 14 901 мың тоннаға дейін ұлғайтты.

2023 жылдың 27 қазанында Қазақтелеком акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында 2022 жылғы бөлінбеген пайдадан дивидендтер төлеуге 33,4 млрд теңге жіберу туралы шешім қабылдады. Компанияның баспасөз мәлімдемесіне сәйкес, Қазақтелекомның жай акциясына дивиденд 1 жай акцияға 3 038,36 теңгені құрайды.

Halyk Bank, Kcell және ҚазТрансОйл жай акцияларының бағасы іс жүзінде өзгерген жоқ. Өткен аптада Halyk Bank жай акциялары символдық түрде 0,3 %-ға төмендеді, ал Kcell және ҚазТрансОйл акциялары тиісінше бір бағалы қағаз үшін 1 950 және 866 теңге деңгейінде саудаланды. Moody's Halyk Bank-тің ұзақ мерзімді депозиттік рейтингтерін "Baa2" деңгейінде растады және болжамды "Тұрақтыдан" "Позитивті"-ге өзгертті.


Өткен аптада "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС жазылым арқылы KASE-де 3 млрд теңге тартып, үш жылдық облигацияларды жылдық 21,50 %-бен орналастырды.

МБҚ нарығында Қаржы министрлігі номиналды құны бойынша жылдық 12,65 %-бен 10,9 млрд теңге сомасына 7,5 жылға бір шығарылым орналастырды.




KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде саудалана отырып, жылдық 16, 81 %-дан 15,80 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудаланып, жылдық 13,50 %-дан 13,63 %-ға дейін өсті.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Қазанның қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 469,64 теңгеге дейін 1,1%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 162 млн-нан 155 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаражатты республикалық бюджетке жіберу үшін Ұлттық қордан трансферттерді қамтамасыз ету және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын сатып алу үшін қазанда валюталық түсім 1512 млн АҚШ долларын құрады.


Қазан айында Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру үшін биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 132 млн АҚШ долларын немесе нарықтағы жалпы көлемнің шамамен 4%-ын құрады.

Ұлттық Банк қарашада Ұлттық қордан 1,3 млрд-тен 1,4 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды алдын ала жоспарлап отыр.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін қарашада 150-ден 200 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде, ал ҚДКҚ активтерінің валюталық үлесін арттыру үшін 50-ден 70 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатып алынуы күтіліп отыр.

### Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	568,12	-0,45	-1,05	2,49
— USDKZT	465,14	-1,10	-1,91	1,18
— EURKZT	495,14	-0,33	-0,58	0,91
— CNYKZT	63,58	-1,06	-2,14	-4,14
— RUBKZT	5,01	-0,60	4,57	-21,77

### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 358,34	5,9	2,2	17,2	5,8
Dow Jones	34 061,32	5,1	2,8	6,4	5,0
PTC	1 093,74	1,4	10,3	-0,1	1,3
ММББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,3
Hang Seng	17 664,12	1,5	2,7	15,2	1,4
SS CSI 300	3 584,14	0,6	-2,9	-1,7	0,5
Euro Stoxx 50	4 174,67	4,0	1,8	16,2	3,9
FTSEuroFirst	4 761,00	2,9	0,9	11,2	3,1
FTSE 100	7 417,73	1,7	0,1	3,2	1,4
KASE	4 055,17	0,5	-0,1	32,2	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	84,89	-6,2	-1,1	-10,3
Мұнай (WTI)	80,51	-5,9	-4,4	-8,7
Табиғи газ	3,52	11,1	18,7	-41,2
Мыс	368,15	1,0	2,6	7,4
Темір	955,50	1,5	2,7	42,7
Алтын	1 992,65	-0,7	9,4	22,3
Күміс	23,29	1,7	10,1	19,8
Астық	572,50	-0,5	2,2	-31,9

03.11.2023

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
07.11 <a href="#">Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қараша)</a>	RUB		15,00%
08.11 <a href="#">Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (қаз.)</a>	EUR	0,0%	0,3%
08.11 <a href="#">ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі</a>	USD		
08.11 <a href="#">Шикі мұнай қоры</a>	USD		0,774M
09.11 <a href="#">Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</a>	USD	215K	217K
10.11 <a href="#">ЖІӨ (ж/ж) (3 тоқсан)</a>	GBP	0,5%	0,6%
10.11 <a href="#">Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (қаз.)</a>	RUB	6,7%	6,0%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

B – миллиард  
M – миллион  
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,8%	01.11.23	11,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	31,9	01.10.23	33,6
Ақша базасы, млрд KZT	8 843,5	01.10.23	9 068,2
Ақша масса, млрд KZT	34 975,3	01.10.23	34 486,8

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
<b>S&amp;P Global</b>	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
<b>Moody's</b>	Baa2/әлсіз	11.08.21	Baa3/позитивті
<b>FitchRatings</b>	BBB/әлсіз	26.05.23	BBB/әлсіз



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингтік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерле мөлдердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімсіз жүзеге асырылады.